

латын кітап» деген оқулығын, Крыловтың мысалдарын, Ушинскийдің «Детский мир» оқулығын пайдаланды. Ол ашқан мектептерде орыс тарихы, жалпы тарих, физика, арифметика, зоология, ботаника, қазақ тілі, қазақ тілінің грамматикасы оқытылды. Ыбырай мектептерінің оқу программасы бастауыш мектептерінің көлемінен асыңқырап кеткен. Бірақ ағартушы бұны біле тұра қолданған сияқты, себебі ол кезде қазақ жерінде жоғары оқу орындары жоқ еді. Сондықтан да Ыбырай өз мектебінің программасын көтеріп, қазақ жастарына әр түрлі ғылым саласынан мәлімет беруді мақсат еткен. Бұл жөнінен патша үкіметі тарапынан ескертулер көп болған. Бірақ ағартушы оған құлақ аспаған, мектептің программасына еш өзгерткен жоқ. Ол өзінің қысқа ғұмырында «... құдай маған көмек етсе және дәрменім жетсе, мен азды-көпті қазақ халқына ғана пайдалы бола аламын» дей отырып, туған халқының жарқын болашағы үшін сөзімен де, ісімен де барын сала ұланғайыр іс тындырған тұлға.

Ағартушы «Шараит ул-ислам» шығармасында «Әй, жарандар, дүниеде мәңгі ешкім тұрмайды. Аз уақыт дүниеде қонақ есебінде тұрып, жаман пиғылды, жаман қылықты, жаман құлықты болып ахиретіңізге не жанға, не денеге пайдасы жоқ нәжіс ұстап қайтпаңыз. Дүниеде таза мінезіңізбен хайырлы істер істеп, ахиретке қайтсаңыз, сол өзіңізге жинап қайтқан жақсылықтарыңыз ақиретке бірге барар дәулетіңіз. Тікен еккен жерден бидай орып алып, ұн ішермін деп үміт ету мүлде ақымақтық болса керек. Әркім не ексе соны орып алса керек» деп, адамгершілік тәрбиесіне баса көңіл бөлді. Бұл мәселе бүгінгі күннің де мектептерінің алдында тұрған мақсат. «Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы. Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осында, тек осы мектепте ғана», – деді ағартушы. Яғни баланы білім алуға қызықтыру арқылы білімге деген уәжін арттыру арқылы оқушыны құзіретті тұлғаға айналдыру. Ал мектептегі білім нәрін себуші басты тұлға – ұстаз. Ұлы ағартушы: «Дүниедегі ең қымбатты адам – халық мұғалімі, оқытушы мектептің шешуші күші» деп жазды. Ол қазақ жастарын оқытып-тәрбиелеу ісіне ең басты мәселе деп қарады. «Халық үшін қызмет ететін білімді адамдардың қатарын көбейту арқылы қазақ қоғамының мешеулігін жоюға болады, сондықтан жастарды оқытып тәрбиелеу ісінен артық еш нәрсе жоқ», – деп ой түйді. Оның еңбегінің арқасында білім беру саласы қазақ даласында кең орын алды. Атап айтқанда, облыстың барлық уездік қалаларында училищелер ашу қолға алынды. Оларды мұғалімдермен және оқушылармен қамтамасыз етті. Ол мектептердің жабдықталуына, олардың жанында шағын кітапханалар ұйымдастыруға ерекше күш салды. Қазақстанда қыз балаларға білім берудің басталуы да Ыбырай Алтынсариннің есімімен байланысты. Ұлы ұстаз мектепті халық ағарту ісінің ең маңызды буыны деп санады.

Ағартушының гуманистік идеялары мен оларды жүзеге асырудағы атқарған ұлаңғайыр істері бүгінгі ұлттық білім беру жүйесінің негізі болып табылады. Ыбырай Алтынсариннің өзгелерден даралана биіктеп асқақтай түскен тұлғалық қасиеттерінің арқасында жұрт қалауына бөленген ақындық, жазушылық, ағартушылық, педагогтік аудармашылық еңбектерін айтпағанның өзінде, баспасөз ұйымдастыру, кітапхана ашу, қыздарға білім беру, теория мен практиканы ұштастыру, тіл тазалығын сақтау, ұлттық терминологияны қалыптастыру, тұлғаны әлеуметтендіру және рухани дамыту, оқу мен тәрбие үрдісін үйлестіру мәселелері бойынша толғақты ой-пікірлерінің бүгінгі күнге дейін өз құндылығын жоймаған өміршеңдігіне таң қаласың. Оның жарқын бейнесі мен іс-әрекетінен қазақ халқының мәдени-экономикалық дамуын, қазақтың ұлт болып бірігуін, жаппай сауатты, оқыған ел болуын көксеген біртуар жан екенін көреміз. Ұлы ағартушының бұл арманы тәуелсіз қазақ жерінде толығымен іске асып, салтанат құрып отыр.

Әдебиеттер тізімі

1. **Қалиев С.** «Ы.Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары» / Алматы, 1991 ж.
2. **Сүйіншалиев Х.** «Қазақ әдебиетінің тарихы» / Алматы, 1997 ж.
3. **Алтынсарин Ы.** «Кел, балалар, оқылық» / Алматы, 2007 ж.
4. **Абдулина А.** «Ыбырай Алтынсариннің «Шараит-ул-Ислам» еңбегінің тәрбиелік мәні», 2011 ж.

ӘОЖ 821.512.122

Ы. АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЕҢБЕКТІҢ МӘНІ

Маталиева А. Е. – Филология ғылымының магистрі, Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-шебер, Б.Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназиясы.

Бұл мақалада ұлт ағартушысы, жазушы, ақын Ыбырай Алтынсариннің шығармаларындағы көтерілген еңбек тақырыбының маңыздылығы, тәрбиелік мәні, мәселені көтерудің қажеттілігі және бүгінгі күнмен сабақтастығы жайлы айтылған.

Кілт сөздер: Еңбектің мәні, адамгершілік құндылық, тәрбие, білім, адал еңбек.

«Ұлт ұстазы» атанған Ыбырай Алтынсариннің қазақ әдебиеті тарихында алатын орны ерекше. Өмірінің соңына дейін «қайтсем еліме пайдамды тигіземін?», «елімнің болашағының жарқын болуы үшін не істей аламын?» деген сауалдарға тынбастан жауап іздеген ағартушы, жазушы, ақын қазақ даласында бірінші болып мектеп ашып, білім шырағын жағу, ана тілінде оқыту секілді қазақ халқының өмірінде бұрын-соңды болмаған мәселелермен бетпе-бет келді.

1884 жылы Н.И. Ильминскийге: «Ал енді құдай басыма не салса да, мен күшімнің жеткенінше туған еліме пайдалы адам болайын деген негізгі ойымнан, талабымнан еш уақытта да қайтпаймын», – деп жазған хатындағы пікірінен өмірінің соңына дейін қайтпаған еді. Балаларды оқытуға бар өмірін арнаған, «қойға шапқан аш қасқырдай» өте қызу кіріскен Ыбырай Алтынсариннің көтерген мәселелері бүгінгі күнде де маңыздылығын жойған емес.

«Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата-ана үлгісі», – деп Ыбырай Алтынсариннің өзі жазып қалдырғандай, балаларға тек білім беріп қана қоймай, ең бірінші саналы тәрбие берілу керектігі баса айтылады. Бұл жолдағы ең басты құралды еңбек деп біледі. Ұлт ағартушысының қайбір шығармасын алып қарасаңыз да барлығының түп негізі еңбекке келіп тіреледі. Еңбектенген адам ғана білім де алады, өмірде өз орнын да табады және оның бойынан барлық адамгершілік қасиеттер табылады деп көрсетеді.

«Қазақ хрестоматиясының» беташары атанған «Кел, бабалар, оқылық!» өлеңіндегі:

...Сиса көйлек үстіңде
Тоқуменен табылған...
Сауысқанның тамағы
Шоқуменен табылған
Өнер, білім – бәрі де

Оқуменен табылған, – деген жолдардан әдемі киінудің, тамақтың тоқтығы, өнерлі, білімді, елге пайдалы болудың еңбекке тікелей қатыстығын айтады. Балаға тек білім беріп қана қойсақ, одан болашақта елінің қамын ойлап, қабырғасы қайысатын адам шықпайды, керісінше, мансап қуатындар мен жеке бастарының пайдасын ойлайтындар тәрбиеленіп шығады деген ойды айтады. Мысалы 1861 жылы Н.Ильминскийге жазған хатында осы ойын: «...Сондықтан орысша екі-үш сөзді ғана біліп алып, мектепке оқудан жөнді білім алмай, дұрыс түсінік алмай, олар адам болғансын, қазақ арасына барады да өздерін көп білетін адам етіп, әсіресе зақуншік етіп көрсетеді. Бұған қазақтар сене қалады. Сөйтіп, олар өздерінің азғантай білімін жауыздыққа жұмсайды, қазақтардың өздерін аяусыз жәбірлейтін болып шығады [1.143], – деп нақтылай түседі. Демек, саналы тәрбиесіз берілген білімнің салдары осындай болатынын айта келіп, еңбекті тәрбие құралының ең бастысы ретінде алады. Баланың қарны тоқ, көйлегі көк болмайынша оны ғылымға, оқу-білімге, өнерге күштеп әкелуге болмайтындығы шындық. Қарны аш бала рухани жан дүниесін байытудың жолын емес, қарнының тоқ болуын ойлайтыны заңдылық. Ал мұндай жағдайда адамгершілік қасиеттерді бойына тоғыстырған, алған білімін ел пайдасына жарататын, адал еңбекпен мал табатын жанды кездестіру қиын-ақ.

Қазақ халқының білім саласын, әл-ауқаты мен тұрмыс-тіршілігін барынша жақсарту жолында аянбай тер төккен Ыбырай Алтынсарин қазақ халқын еңбектенуге шақыруда, еңбектің мәнін ұғындыруда өзінің шығармалары арқылы ықпал етті. Әрбір жас оқырманға шағын әңгімелері арқылы ой тастады, еңбекпен тапқан нанның тәтті де жұғымды болатынын насихаттады.

Тұрмысты жақсартуды ұрлық жасаудан, біреуге жағымпазданып, өзгенің малына көз тігуден немесе өтірік айтудан емес, адал еңбектену арқылы болатынын өлеңдері мен әңгімелерінде ашық жазады:

Араз бол, кедей болсаң ұрлықпенен,
Кете бар кессе басың шындықпенен!
Қорек тап бейнеттен де, тәңірің жәрдем,
Телмірме бір адамға мұңдықпенен, -[1.21]

Ы.Алтынсариннің жас жеткіншектерді адал еңбекке тәрбиелейтін, белгілі бір кәсіпке, өнерге баули отырып, адам бойындағы адалдық, достық, мейірімділік секілді асыл қасиеттерді ардақтауға үйрететін шығармаларының қатарына «Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейітқұл», «Атымтай Жомарт», «Сәтемір хан» әңгімелерін жатқызуға болады. Мәселен, кішкентай ғана құмырсқаның еңбектенгенінен сабақ алған Сәтемір оқу оқып, еңбектеніп, нәтижесінде әлемге танымал данышпан болғанын мысал ретінде келтіреді. Әңгімедегі: «Құдайтағаланың жаратқан жан-жануарының ең кішкентайы осы құмырсқа екеш құмырсқа да тынбай, жұмыс жасап жүр. Өзі ақсақ, бір тырмысып, екі тырмысып, жығылып, сонда да қоймай, ақырында мұратына жетті. Тамның басына шықты, мұны көріп отырып менің де талап іздемей, жұмыссыз ойнап жүргенім ақылсыздық екен», деп құмырсқаның еңбегін суреттеген жолдарынан шығарманың айтар ойын, түйінін, балаға салар ойын анық аңғаруға болады. Осы бір әрекет шығарманың басты кейіпкеріне не істеп жүрмін? Енді не істеймін? қалай істесем болады? деген сұрақтарға жауап іздетіп, алдымен еңбекке араласуға, одан кейін білім алуға түрткі болды. Ал «Жомарт» әңгімесі арқылы еңбектің мәнін түсіндіре келіп, еңбек етудің төрт артықшылығын айтады. «...Әуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне бойы әдет етсең, көңілге жел кіргізеді, сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кем-

кетікке жәрдем беруді ұмытармын» – деген сөзді кейіпкер аузына салу арқылы ең бірінші, еңбек еткен адамның бойында мейірімділік, өзгелерге қол ұшын созу, өзгелерді тұрмыстық жағдайына қарамастан өзімен тең дәрежеде көру қасиеті қалыптасатынын ұғындыра түседі. Адамдарды мал-мүлкіне, дәулеті мен тұрмыс-тіршілігіне қарай бөлуге болмайтынын, олай бөлген жағдайда нәтижесі адамгершілік қасиеттен жұрдай пендеге айналатынын, дәулеттің де тұрақты еместігін, күндердің күнінде өзі төмен санаған адамның күйіне түсіп қалмауға ешкімнің кепіл бола алмайтынын аңғаруға болады.

«Екіншісі: бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұным кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер әбірет алсын деймін» – деген кейіпкердің сөзі арқылы қолында дәулеті бар адамның да еңбектену керектігі және сонысымен басқаларға үлгі бола алғаны жөн екенін айтады. Ал үшіншіден, қашанда еңбекпен тапқан нанның тәтті болатынын: «күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем, бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен», – деген сөзі арқылы оқырманның есіне маңдай термен табылған нанның жұғымды болатынын тағы бір салып өтеді. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген А.Құнанбайұлының сөзінің өміршеңдігін дәлелдей түседі. Басты кейіпкердің: «Төртіншісі: құдайтағаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын» – деген сөзінен малды пайдалы орындарға жарату керектігін меңзей түседі? Пайдалы, тиісті орындар дегеніміз не? Біздің ойымызша, малды өнер үйренуге, білімге, оқуға жарату керек. Егер жұмсалған малдың арқасында бала білімді, өнерлі болып шықса, онда адал еңбектің қадірін түсінеді. Оның бойында мейірімділік, қанағатшылдық, қамқорлық деген қасиеттер көрініс табады. Міне, осы кезде ғана малды пайдалы іске жарады, яғни босқа жоғалмады деп ауыз толтырып айтуға болады. Ы.Алтынсарин:

«Мал дәулеттің байлығы –
Бір жұтасаң жоқ болар,
Оқымыстының байлығы –
Күннен-күнге көп болар,

Еш жұтамақ жоқ болар», – деп малды орныммен жұмсаудың, яғни оқу-білімге жұмсалған малдың пайдаға асатынын, еш жұтамайтынын айтады.

Ы.Алтынсариннің жас жеткіншектерді, жалпы оқырмандарын еңбекке шақыратын келесі бір шығармасы – «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесі. Атасы он жасар баласына ең кішкентай жәндіктердің де өмір, тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүргендерін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді: «Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сені де құдай тағала босқа жүруге жаратпаған, жұмыс жасауға әдеттену керек [2.56], – деген атасы баласын кішкентайынан еңбекке баули түседі. Өмірдің мәні еңбекте екенін кішкентай жәндіктердің іс-әрекеттері арқылы дәлелдей түседі, жай ғана сөзбен емес, олардың әрекеттерін мысалға ала отырып, нақтылай түседі.

Ал «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесінде егін шаруашылығымен айналысудың қыр-сырымен, егіннен түскен өнім арқылы мал табу мен сауда жасау жайынан хабар беріп, еңбектенген адамның мұратқа жететінін, нәсіпсіз қалмайтынын суреттейді. Отыз үйлі тобырды артына ертіп егін шаруашылығын бастаған Сейітқұл адал еңбегінің арқасында дәулеті артып, малы да, артынан ерген халқы да көбейіп, жұрт ағасы атанады. Торғай өңірінің Қабырға өзенінің бойын мекен еткен Сейітқұл Бұхара, Қоқан елімен байланыс орнатып, сауданы дамытуын маңдай термен келген еңбектің нәтижесі деп таныған дұрыс-ақ. «...Сейітқұл енді Бұхара, Қоқанға мал айдапты, ол кенттерден қазақ қолды әр түрлі товар алдырып, жылда егін піскен уақытта манағы қорғанда жәрмеңке реуішті базар болды. Көшпелі халық белгілі уақытта малын, жүн-жабағысын, тері-терсегін айырбас етіп, осы қалыпша бір жағы егін, бір жағы саудамен Сейітқұлдың жұрты жұрттан асқан бай болыпты», – деп еңбектің арқасында артқан дәулетті суреттесе, әңгіменің соңында: «...Жарлы болып, бөтен кәсібі жоқ кісілер Торғай жағында дереу егіншіге айналады, ерінбей азаптansa, бірнеше жылда түзеліп, халық қатарына қосылады», – деп ерінбестен еңбектенуге шақырады. Ал ұрлықпен мал тауып, күн көремін дегендердің өмірінің қысқа болатынын, яғни ұрлықтың түбі қорлық екенін жазушы: «Манағы Сейітқұлдың ағасы аттаныс-түсіспенен жұрттың малын ұрлап бай боламын деп жүргенде, Қоңырат жағында қолға түсіп, кім екені де белгісіз, біреу өлтіріп кетіпті. Қалған мал-жанын ұрының малы деп Түркістан әкімдері талап алып, жамағаттарын Сейітқұл көп жылдар іздетіп, таптырып, қасына алыпты-мыс», – Сейітқұлдың ағасының өмірінен мысал келтіре отырып суреттейді. Жазушы осы әңгімесі арқылы адал еңбекті, егін шаруашылығын, сауда шаруашылығын барынша насихаттайды.

Еңбекті сүю және қадірлеу – Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінің негізгі тақырыбы. Оны жазушы шағын әңгімелерінде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді. Ақын шығармаларында адал еңбектің ғана қоғамды алға бастыратынына баса назар аударады. Ұлт ағартушысының шығармалары «елді ел, адамды адам ететін еңбек» деген тұжырымға негізделеді. Өмірдің барлық мәні де, байлығы да еңбек деген қорытындыға келуге болады. Демек, жақсы өмір сүргің келсе, еңбектену қажет. Ізденіп, білім алу керек. Білім алу, оқу жолында мал аямау керек. Алған білімнің арқасында адал еңбектену қажет. Себебі әрқашан адал еңбекпен тапқан мал да, дәулет те тұрақты болмақ. Сонымен бірге адал еңбектенген адамның бойында мейірімділік, қамқорлық, адалдық, жауапкершілік секілді адамгершілік қасиеттердің

